



ТУРАН- ҚАЗАЛЫ

№54
(2119)
Сәрсенбі
7 маусым
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

4 маусым күні Қазалыда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай салтанатты шара өтті.

Әйтеке би кентіндегі Рәміздер алаңында ұйымдастырылған шараны аудан әкімінің міндетін атқарушы Күнтілес Назымбеков ашып, тұрғындарды айтулы мерекемен құттықтады.

Мұнан соң Күнтілес Айдарбекұлы бірқатар сала қызметкерлерін ауданымыздың қоғамдық-саяси және



әлеуметтік-экономикалық өміріне белсене қатысып, зор үлес қосқаны үшін аудан әкімінің Алғыс хатымен марапаттады.

Шарада жас мемлекеттік қызметшілер мемлекетке адал қызмет ететіндігі туралы ант қабылдады.

Мерекеде аудан өнерпаздары патриоттық әндер шырқады.

Сонымен қатар шара соңында авто және велошеру ұйымдастырылды.

Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»

«ШАҒАЛА» ЛАГЕРІНДЕ ЖАЗҒЫ ТЫНЫҒУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ



«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз!», деп оқу жылы аяқталысымен жазғы тынығу лагерьлеріне асыққан мектеп оқушыларының дәстүрге айналған тынығу мерзімі жыл айналып тағы да келді. Қазалы қаласындағы «Шағала» балалар лагері 2

маусымда өз жұмысын бастады.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы Күнтілес Назымбеков пен аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығында өткен лагердің жазғы маусымының ашылу



салтанатына қатысып, өнерлі жеткіншектердің концерттік бағдарламасын тамашалады. Сондай-ақ, жазғы демалыс кезінде балалардың жақсы тынығып, уақыттарын тиімді пайдалануларына тілектестігін білдірді.

Қазіргі таңда тынығу лагерінде 129 оқушы дема-

луда. Балалар бес мезгіл тамақтанады.

Олардың уақытты көңілді әрі тиімді өткізуі үшін 8 тәрбиеші еңбек етеді.

Демалушылардың денсаулығына дәрігер мен стоматолог жауап береді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ӨНЕР МЕКТЕБІНДЕГІ СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Әйтеке би кентіндегі Қорқыт ата атындағы өнер мектебінде «Соңғы қоңырау» салтанаты болып өтті. Шарада мектеп директоры Сәукен Әліш сөз сөйлеп, түлектерге сәттілік тіледі. Одан соң Сәукен Әліш, мектептің ардагер ұстаздары: Жүсіп Ермазыл, Тамшыбек Бақыт түлектерге мектеп бітіру куәлігін табыстап, ақ жол тіледі.

Салтанатты шарада мек-

теп бітіруші түлектердің ата-аналары мектеп ұжымына, ұстаздарына шығармашылық табыс тілеп, алғыстарын жеткізді. Шара әрі қарай концерттік бағдарламаға жалғасты.

Айта кетейік, биыл өнер мектебін 94 жас түлек бітіреді. Олардың арасында әртүрлі конкурстың лауреаты атанған оқушылар бар.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

2023 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2023 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға са-

ламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жекетұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды

білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

●Баспасөз - 2023

СУДЬЯ БОЛУЫМА ҮЛГІ БОЛҒАН ТҰЛҒА

Тәуелсіздік жылдары еліміз әлемдік аренада зайырлы, демократиялық мемлекет ретінде танылып, мықты билік жүйесін құра білді. Осы даму кезінде мемлекеттік сот жүйесінде де өзгерістер орын алды. Әділ сот төрелігіне қол жеткізу үшін судьялық әдеп қағидаларын сақтау қажеттігі айқындалды.

Судья өз қызметін атқару барысында тәуелсіз әрі Конституция мен заңдарға бағынады. Заңды сақтау әрбір судья үшін ерекше талаптардың бірі. Сот төрелігі – қоғамда туындайтын қақтығыстарды шешудің, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, азаматтық қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың ең сенімді тәсілі.

Бүгінгі әңгімеге арқау болған яғни, судья болуыма үлгі болған тұлға менің әкем – Нармағанбет Әбдіхалықов. Бұл азамат жайлы сөз қозғайтын болсақ, оның судьялық қызметтегі ұстанымын, адамгершілік қасиетін замандастары жоғары бағалары сөзсіз.

Нармағанбет Әбдіхалықов 1951 жылы 25 желтоқсанда Қазалы ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын 1969 жылы Арал ауданы, «Қарақұм» совхозында жұмысшы болып бастаған. Одан кейінгі жылдары «Алматы құрылыс» тресінде, №11 «Алматы тұрғын үй тресінде» жұмысшы болып еңбек еткен.

1975-1980 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің Заң факультетіне оқуға түсіп, жоғары білім алған. Бұл уақыттарда жоғары оқу орындарына түсу жолдары өте қиын, бір орынға 10-



15 талапкер бақ сынайды. Менің әкем осы оқу орнына 4 мәрте талаптанып түсе алмай, өзінің табандылығының арқасында бесінші мәрте құжат тапсырғанда мақсатына қол жеткізген.

Аталған оқу орнын бітірген соң Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында заң кеңесшісі, Қызылорда облыстық ішкі істер басқармасында тергеуші, Арал аудандық халық сотында әкімшілік және атқарушылық іс жүргізу судьясы, 1994-1996 жылдары Қазалы аудандық халық сотының судьясы, 1999-2008 жылдары Қазалы аудандық сотының төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. 2008 жылдан өмірінің соңына дейін яғни, 2011 жылдың шілдесіне дейін Қызылорда мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы болып қызмет атқарды.

Әкем өзіне артылған міндеттерді мінсіз әрі абыроймен атқарғанын білемін. Судьялық қызметке аяқ басқаннан бері әр іспен жете танысып, талай тағдырдың мәселесін шешіп, сот шешімін

шығарды. Оның атына айтылған халықтың алғысы мен ризашылығы да мол.

Мұның барлығы да әрдайым ақиқаттың ақ жолынан ауытқымай, әділдіктің туын төмен түсірмеген Н.Әбдіхалықовтың толассыз еңбек етуі мен өз ісіне аса зор жауапкершілікпен қарауының нәтижесінде қол жеткізілді.

Сот ісін жүргізгенде істің күрделілігі мен екі жақ тараптардың ықылас мүдделеріне баса назар аударған жөн. Іске қатысатын тараптардың өкілдері мен өзге де қатысушылардың мүмкіндігін шектемей, жариялылықты қатаң сақтай отырып, дәлелдеу қорытындысында екі тараптың бірі жеңіп, бірі жеңіліп емес, екі жаққа да шындықты мойындата білген абзал. Судья халық алдында өзінің шынайы шешімімен тараптарды татуластырса ғана әділ ісімен даңқы артады.

Нармағанбет Әбдіхалықов – әділдік жолынан айнымаған судья. Өзінің қызмет еткен уақыттарында заңнаманы жетік білуінің және біліктілігінің арқасында көптеген даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік тудырып, тараптарды татуластырып, келісімге келтіре білді. Оның табиғатына тән байыптылық пен байсалдылық, заңгерге тән берік ұстаным мен айқын көзқарасы, адами және кәсіби қасиеттері үлгі-өнеге. Сондықтан менің әкем Нармағанбет Әбдіхалықов – судья болуыма үлгі болған тұлға.

Дәурен ӘБДІХАЛЫҚОВ,
Қазалы аудандық
сотының төрағасы

ТҮЛЕКТЕР КОНЦЕРТІ

Қазалы аудандық өнер мектебі ширек ғасырдан бері жас музыканттарды тәрбиелеп келе жатырған ауданымыздағы жалғыз оқу ордасы. Мектеп түлектері облыс, республика көлеміндегі түрлі жарыстардың жеңімпаздары атанды. Осы уақытқа дейін мектептен мыңдаған түлектер үлкен өмірге қанат қақты. Биылғы жылы өнер мектебін 94 түлек бітіріп шығады. Олардың арасында болашағын музыкамен байланыстырып, жоғарғы оқу орындарына түсуге талпынып отырған шәкірттерімізде бар.

2023 жылдың 2 маусымында ҚР Оқу – ағарту министрлігі Республикалық қосымша білім беру орталығының тапсырмасына сәйкес, жазғы демалыс кезінде балаларды сауықтыру, бос уақытын шығармашылықпен тиімді қамтамасыз етудің кешенді жоспары аясында «Қазақстан-бақытты балалық мекені» атты тақырыпта мектеп бітіруші түлектеріміздің «Жұлдызды түлектер» атты шығармашылық концерті өткізілді. Концертте оқушылар аспаптарда түрлі шығармалар орындап, өзара тәжірибе алмасты.

Мектеп мақтаныштары: Абу Нұрболат флейта аспабында, Тоғыс Динара фортепиано аспабында, гитаристеріміз: Ильясов Саят пен Айтпай Мансұр, баян класының оқушысы Сақи Бексұлтан шығарманы үздік орындаса, домбыра класының оқушылары: Сербаева Даяна, Балапанова Марина, Сақан Ақсезім, Көлбай Есімхан қазақ күйлері мен шығармаларын нақышпен орындап көрермендердің ықыласына бөленді.

Мектеп түлектерінің шығармашылық шарасы алдағы уақытта да жалғасын табады. Түлектерімізге мектеп ұжымы атынан сәтті сапар, болашақтарының жарқын болуына тілектестік білдіреміз.

«Тұран-ақпарат»

АЗЫҚТЫҚ ҚОСПАЛАР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Қазіргі таңда азық-түліктің жарамдылық мерзімін созып, өнімнің азықтық құндылығын сақтау үшін әртүрлі азықтық қоспалар қолданылады.

Олардың барлығын химиялық зат деуге болмайды. Қоспалардың табиғи түрлері де бар. Олар табиғи көздерден, шөптерден, жеміс-жидектерден, еттен, құстан, ашытқылардан, тағы басқа да заттардан алынады. Сондықтан синтетикалық және табиғи азықтық қоспалардың арасындағы айырмашылық жер мен көктей.

Кез-келген химиялық заттың адам ағзасына әсері өзіндік ерекшеліктеріне, ал оның көлеміне де байланысты. Әрбір азықтық қоспа үшін рұқсат етілген тәуліктік мөлшер анықталады, ал, оның көлемін

шамадан тыс арттыру түрлі келеңсіздіктерге әкелуі мүмкін. Азықтық қоспа ретінде пайдаланылатын кейбір заттар үшін мұндай мөлшер салмақтың бір келісіне бірнеше миллиграммды, ал, басқалар үшін салмақтың келісіне грамның оныншы үлесін құрайды. Оларды мөлшерден тыс пайдаланса, адам ағзасына зиян келтіреді.

Сондықтан кейбір азықтық қоспалар үшін ескертулер қаптамаға жазылуы керек. Мәселен, қант алмастырушылар үшін (сорбит, манит, ксилит, т.б.) «Тәулігіне 15-20 граммнан көп пайдалану адамды әлсіретеді» деген ескерту тұруы тиіс. Дәрігерлер «балаларға, қарттарға және аллергиясы бар адамдарға азықтық қоспа қосуға шектеу қою керек» деп кеңес береді. Сонымен бірге,

кейбір заттар кумулятивтік, яғни ағзада жиналу қасиетіне ие екендігін естен шығармау керек. Өнімдегі азықтық қоспалардың құрам нормаларын сақтау тауар өндірушіге жүктелген.

Осы проблемаларды шешу үшін Кедендік одақтың техникалық регламенті (ТР ТС 029/2012) бекітілген. Ол азық қоспаларын өндіру мен айналымға жіберу кезіндегі қауіпсіздік талаптарын орнатады. Берілген техникалық регламенттің талаптарына сәйкес, айналымға адам денсаулығына жағымсыз әсер бермейтін және мемлекеттік тіркеуден өткен азықтық қоспалар аз көлемде, технологиялық нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті мөлшерде ғана қолданылуы керек. Сонда

ғана азықтық қоспалардың бұзылуына, сапасыз шикізатты немесе дайын өнімді жасыру мақсатында қолдануға жол берілмейді. Консерванттар азықтық өнімдерге олардың микробиологиялық бұзылуы мен жарамдылық мерзімін ұлғайту мақсатында қосылады. Азықтық қоспалар туралы ақпаратты білу – сапалы өнім пайдаланудың кепілі.

А.ЖҰМАҒҰЛОВА,
ҚР ДСМ СЭБК
«Ұлттық сараптама орталығы»
ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының Қазалы аудандық бөлімшесінің санитарлық гигиеналық зертханасының зертхана маманы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ХАЛЫҚТЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі әділ әлеуметтік саясат үшін негіз болады және әрбір адамның туғаннан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейінгі өмір жолының кезеңдеріне сәйкес, барлық адамда бірдей бола бермейтін қажеттіліктерден туындауы мүмкін шараларды (өмірлік қиын жағдайдағы адамдар үшін әлеуметтік кепілдіктер) көрсете отырып құрылған.

Әлеуметтік кодекстің негізгі жаңалықтары:

1. Отбасының цифрлық картасы (қолдау проактивті форматта көрсетіледі, атап айтқанда азаматтарға әлеуметтік төлемдер мен көмек мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде бар деректер негізінде тағайындалады, ал қағаз құжаттар жүйеден кезең-кезеңімен алынып тасталатын болады);

2. Мемлекеттік қолдаудың жаңа парадигмасы (жаңа парадигмаға сәйкес мемлекеттік қолдау алдымен әлеуметтік тәуекелдердің алдын алатын атаулы іс-шара, одан кейін ғана атаулы әлеуметтік көмек ретінде қарастырылады);

3. Әлеуметтік қызмет көрсетуді толық трансформациялау (мүгедектігі бар азаматтардың арнаулы әлеуметтік қызметтерге деген қолжетімділігін мемлекеттік емес ұйымдар, жеке сектор және отбасы мүшелерін тарту арқылы арттыру);

4. Азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіндегі өзгерістер (алдағы 5 жылда базалық зейнетақы мөлшерін кезең-кезеңімен көбейту);

5. Жұмыспен қамту саласындағы өзгерістер (икемді жұмыспен қамтудың барлық түрін тану; жұмыс күшінің дағдыларын арттыру; жұмыспен қамтудың цифрлық орталықтары).

Осылайша, Әлеуметтік кодекс азаматтардың өздерінің әлеуметтік құқықтары мен міндеттері туралы бірыңғай білім көзі болып табылады, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әл-ауқатына автоматтандырылған мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Кодексте қазіргі кездегі әлеуметтік қолдаудың барлық әлеуметтік кепілдіктері мен нысандарының, оның ішінде азаматтарды зейнетақылармен және жәрдемақылармен, сондай-ақ «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ (бұдан әрі - Қор) тағайындалатын әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету сақталғанын атап өткен жөн.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі 2005 жылдан бастап әлеуметтік тәуекелдердің 6 түрлі жағдайы басталған кезде жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейі ретінде енгізілді.

Міндетті әлеуметтік

сақтандыру жүйесінің қаржы ресурстары жұмыс берушілер жұмыскерлері үшін, сондай-ақ дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдар өздері үшін төлейтін ең төменгі жалақының кемінде бір және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын кірістің 3,5% мөлшерінде әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптастырылады.

Бұл ретте әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, жұмыс берушілердің қаражаты есебінен төленеді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру ынтымақтастық принципіне негізделген, өйткені әлеуметтік аударымдар барлық жұмыс істейтін азаматтар үшін төленеді, ал төлемдерді тек әлеуметтік тәуекел туындаған адамдар ғана ала алады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында Қызылорда облысы бойынша Қорға 4,3 млрд. теңге сомасына 179 770 адам үшін әлеуметтік аударымдар түсті, ал Қордан әлеуметтік төлемдерді 9,0 млрд. теңге сомасына 36 001 адам алды.

Қордан еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем мүгедектігі бойынша бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға медициналық-әлеуметтік сараптама жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгілеген күннен бастап оның бүкіл кезеңіне еңбек қызметін жалғастыруына қарамастан жүргізіледі.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жылда Қорға әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске, сондай-ақ еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесінің, жүйеге қатысу өтілінің және кірісті алмастыру коэффициенттеріне байланысты болады.

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қордан аталған төлемді біздің облыс бойынша 314 млн. теңге сомасына 3 355 адам алды.

2023 жылғы 1 шілдеден бастап мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақылар мен төлемдер 14,5%-ға арттырылады және бұл төлемдердің а.ж. 1 қаңтарынан бастап 8,5%-ға өсуін ескере отырып, жәрдемақылар мен төлемдердің жылдық мәндегі өсуі 23% құрайды.

Қордан асыраушысынан айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем асыраушысынан айырылуы бойынша бюджет қаражаты есебінен төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Төлемге құқық

қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушысының асырауындағы отбасы мүшелеріне асыраушы қайтыс болған күннен бастап туындайды. Төлем асырауындағы адам 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысаны бойынша оқуды жалғастырған жағдайда 23 жасқа дейін жүзеге асырылады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жыл ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген қайтыс болған асыраушының кірісіне, сондай-ақ кірісті алмастыру, асырауындағы адамдар санының және жүйеге қатысу өтілінің коэффициенттеріне байланысты болады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында Қызылорда облысы бойынша Қордан аталған төлемді 331 млн. теңге сомасына асыраушысынан айырылған 2 720 отбасы алды.

2023 жылғы 1-шілдеден бастап асыраушысынан айырылған отбасыларға берілетін жәрдемақылар мен төлемдер 14,5%-ға арттады, бұл төлемдердің а.ж. 1- қаңтарынан 8,5%-ға өсуін ескере отырып, жәрдемақылар мен төлемдердің жылдық мәндегі өсуі 23% құрайды.

Әлеуметтік тәуекел туындаған кезде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы, оның ішінде оның отбасы мүшелері, асыраушы қайтыс болған жағдайда базалық жәрдемақылар мен Қордан төлемдер алатынын ескерсек, оның әлеуметтік қорғалуы жұмыс істемейтін адамға қарағанда жоғары болады.

Қордан жұмысынан айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушысы халықты жұмыспен қамту туралы заңнамаға сәйкес жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап тағайындалады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жыл ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген жүйеге қатысушының кірісіне, табысты алмастыру (45% немесе 0,45) және жүйеге қатысу өтілінің коэффициенттеріне байланысты болады.

Төлем жүйеге қатысу өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін жүзеге асырылады.

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында Қордан аталған төлемді біздің облыс бойынша 504 млн. теңге сомасына 5 154 адам алды.

Қордан жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайларына төленетін әлеуметтік төлем еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақта көрсетілген жүктілігі және босануы бойынша демалыс күнінен бастап тағайындалады. Төлем еңбекке уақытша

жарамсыздық парағының барлық кезеңіне жүзеге асырылады.

Біржолғы әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 12 айда әлеуметтік аударымдар жүргізілген кіріске және еңбекке жарамсыздық күндерінің санына байланысты болады.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында Қызылорда облысы бойынша 5 458 алушыға аталған төлем шамамен 4,4 млрд. теңге сомасына жүзеге асырылды.

Қордан бір жарым жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайына төленетін әлеуметтік төлем бала туған күннен бастап бала күтімін іс жүзінде жүзеге асыратын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына тағайындалады.

Әлеуметтік төлемнің мөлшері соңғы 2 жыл ішінде әлеуметтік аударымдар жүргізілген жүйеге қатысушының кірісіне және кірісті алмастыру коэффициентіне (40% немесе 0,4) байланысты болады.

2023 жылдың қаңтар-сәуір айларында аталған төлемді біздің облыс бойынша Қордан 3,4 млрд. теңге сомасына 19 314 адам алды.

Әлеуметтік кодекс шеңберінде Қордан әлеуметтік төлемдерді тағайындау параметрлері өзгеріссіз сақталатынын атап өткен жөн.

Бұдан басқа, Әлеуметтік кодекс аясында 2023 жылдың 1-шілдесінен бастап:

- жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды алып жүру бойынша қызмет көрсететін 30 мыңға жуық жеке көмекшіні міндетті әлеуметтік сақтандырумен қамтуды кеңейту қарастырылған. Бұл дегеніміз, әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде жеке көмекшінің Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерге құқығы болады, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан сақтандыру пакеті шеңберінде медициналық көмекпен қамтамасыз етіледі, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа жеткенде базалық зейнетақы үшін еңбек өтілі және жинақтаушы зейнетақы төлеміне құқығы болады.

Жалпы әртүрлі әлеуметтік тәуекелдерден сақтандыратын міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің дамуы азаматтарды нәтижелі және формалды жұмыспен қамтуды ынталандыруды көздейді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толық ақпаратты Қордың интернет-ресурсы (gfss.kz), сондай-ақ Қордың және оның Филиалдарының әлеуметтік желілерідегі аккаунттарынан алуға болады.

Г.Ж.ДЕНЕЕВА,
Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалының директоры

ЖАСТАРҒА ҚОЛАЙЛЫ МҮМКІНДІК



Жастар тәжірибесі дипломды жас маманға арналған тиімді бағдарлама. Себебі бұл бағдарламаның мүмкіндіктері өте көп. Жаңа ортада тәжірибе жинақтайсың.

Жастар тәжірибесін ұйымдастыру мен өткізуді аудандық жұмыспен қамту бөлімі ұйымдастырады. Бұл бағдарламаға оқу орнын бітірген, өз мамандығы бойынша жұмыс

істемеген, диплом алғанына үш жыл толмаған 18 бен 35 жас аралығындағы жастар қатыса алады.

Жастар тәжірибесінің мақсаты-жоғары оқу орындарын бітірген жастарды мамандығы бойынша жұмысқа орналасуға көмектесу, жұмыс істеуге бейімдеу. Жастарға тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беру болып табылады.

Жастар тәжірибесінің мерзімі 12 ай. Жұмысқа келген жас маманды арнайы тәлімгер үйретіп, жөн сілтейді.

Мамандардың айтуынша қазіргі таңда аудан бойынша 93 жас Жастар тәжірибесімен жұмыс істеуде. Алдағы уақытта 255 жас маманды жұмысқа жіберу жоспарланып отыр.

Ұлпан ІБІРАШ
«Тұран-Қазалы»

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды Төтенше жағдайлар бөлімі» тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (724 38) 22-1-51 сенім телефоны сыбайлас жемқорлықтың жұмыс істейді. Сонымен алдын алу мақсатында қатар жоғарғы тұрған орган «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар – Қызылорда облысының министрлігі Қызылорда Төтенше жағдайлар облысының Төтенше департаментінің 8 (7242) 24-40-76 сенім телефонын жағдайлар департаменті назарларыңызға ұсынамыз. Қазалы ауданының

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың II – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні 10.00-12.00 15.00-18.00	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

● Маманның кенесі

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫНДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕСІН САҚТАҢЫЗ!

Су өмірдің өзегі, тіршіліктің көзі. Десекте жаздың ыстық күндері басталысымен су айдындарында салқындап, демалатындардың саны арта түседі. Көбінесе адамдар суға түсу кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамайды, бұның соңы қайғылы жағдайларға әкеліп соғады. Қауіпсіздікті сақтамаудың кесірінен көп адамның өмірі үзіліп, дәм-тұзы таусылатыны да жасырын емес. Судың емес-ау, немқұрайлықтың кесірінен деген жөн болар. Өкініштісі сол, қарапайым адамдардың суға шомылу ережелерін сақтамау салдарынан оқыс жағдайға ұшырап жатқандардың саны жыл санап артып келеді. Мұның себебі – суда қауіпсіздік ережелерін сақтамай, белгіленбеген жерлерде шомылу. Алайда, суға шомылу кезіндегі қарапайым қауіпсіздік ережелерін балалардың бірі білсе, бірі біле бермейді. Білсе де дұрыс сақтамайды. Осыған байланысты суға шомылу кезеңінде су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және суда балалардың қаза болуы жағдайларына жол бермеу мақсатында төмендегі ережелерді қатаң ұстануды ескертеміз. Жаз айларында балаларға бақылау жасау, ата-анасының жеткіліксіз көңіл бөлуі

орны толмас оқыс жағдайларға апарады. Балаңызды су жағасында қараусыз қалдырмауларыңызды өтінеміз!

Суға шомылу кезіндегі ережелер:-

-тыйым салынған орындарға шомылуға,
-суда балаларды қараусыз қалдыруға,
-қоршау белгілерінен асуға,
-көпірлерден, дамбаалардан, қайықтардан суға секіруге және сүңгуге,
-таныс емес орындарда шомылуға,
-жалған айқай, қатер белгісін беруге,
-өтіп бара жатырған катерге, қайыққа жақын жүзуге,
-көпірден, айлақтан, суға секіруге,
-дауылды күні немесе күшті соқпа толқыны бар жерлерде суға түсуге,
-балдырлары бар шалшықты суға түсуге болмайды.

Егер сіз қайықта болсаңыз:-

-өң алдымен техникалық ақауы бар қайықты пайдаланбаңыз.
-құтқару және су төгетін құралдарынсыз, сондай-ақ дауылды күндері қайықпен жүзуге шықпаңыз.
-қайыққа техникалық құжатында көрсетілген лимиттен артық жолаушылар мен жүк артуға болмайды.
-мас күйде қайықпен

жүзбеңіз.

-қайықтың бүйірінде немесе тұмсығында отырмаңыз.

-жүзіп бара жатып бір қайықтан екіншісіне ауысып отырмаңыз.

-қараңғы түскенде қайықпен жүзбеңіз.

-14 жасқа толмаған балаларды өздігінен қайықпен жүзуіне рұқсат етпеңіз.

Сіңір тартылғанда:-

-қол саусақтарының сіңірі тартылғанда тез арада жұдырығыңызды қатты қысып, ырғақпен қолыңызды сілтеңіз және жұдырығыңызды жіберіңіз,

-балтыр бұлшық еті тартылғанда еңкейіп қолыңызбен тартылған аяғыңызды табанынан ұстап өзіңізге қарай күшпен тартыңыз,

-бөксе бұлшық еті тартылғанда аяғыңызды ұстап тізеге қарай бүгіп арқаға қарай тартыңыз. Шомылушыларға кеңес:-

-суға абайлап түс,
-жүзу білмесең, суға белден аса тереңдікке барма,
-жалғыз шомылмауға тырыс,
-егер де ағысы қатты суға түсіп кетсең, ағысқа қарсы жүзуге тырыспа, оған шамаң жетпейді, мұндай жағдайда жағаға жақындайтындай болып ағыс бойымен жүзуің керек,
-көмекке шақырудан

ешқашан ұялма,

-балалардың суға шомылуы тек ересектердің бақылауымен жүргізілуі керек.

Суға кету кезіндегі алғашқы көмек көрсету жолдары:-

Зардап шегушіні судан шығарғаннан кейін оған тезірек оттегі беру шарт. Сондықтан зардап шегушінің дем алуын және тамыр соғысын анықтаңыз. Тамыры соқпаса, ауызбен дем беру қажет.

Бас бармақ және сұқ саусақпен адамның мұрнын қатты қысып, демді ішке терең алып, оның аузына минутына 18-20 рет дем жіберу керек.

Сонымен қатар оның жүрек соғысын ұдайы қадағалап отыру керек. Егер оның жүрек соғысы тоқтап қалса, массаж әдісін қолданған дұрыс. Ол үшін адамның жүрек тұсына екі қолды айқастырып қою керек. Одан соң, сол жерді минутына 70 рет жиілікпен басқан жөн (5 рет басып, 1 рет ауа үрлеу керек).

Зардап шегушінің жүрек соғысы мен тыныс алуы қалпына келген соң, оның ішіндегі суды сыртқа шығаруға тырысу қажет.

Б.ЖАМАНОВ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханадың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11017 дана.